

Абдрахим М.Е.

2-курс докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: abdrakhim_91@mail.ru

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҚАЗАҚ ШЕНЕУНІКТЕРІНІҢ ОБРАЗЫ

Мақалада автор қазақ халық ауыз әдебиеті материалдары негізінде ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басындағы әдеби шығармаларға талдау жасау арқылы қазақ шенеуніктігі мәселесін қарастырды. Аталған уақыт әдебиеті өкілдеріне жататын ақындардың өлең-жырлары талданды. Алғашқы бөлімде ақын-жыраулар мен айтыскер ақындардың өлеңдері сараланса, екінші бөлімінде қазақтың жазба ақындарының шығармашылықтарындағы би-болыс, сайлау, паракорлық, атқамінерлер мәселелері кеңінен қарастырылды. Сонымен қатар мақала авторы қорытынды бөлімде әдеби шығармаларды талдай отырып, халық ауыз әдебиетіндегі қазақ шенеуніктерінің образына қатысты өзіндік тұжырымдарын ұсынады.

Түйін сөздер: қазақ шенеуніктері, шен, мемлекеттік қызмет, халық ауыз әдебиеті, болыс, би.

Avdrakhim M.Ye.

2 year PhD student, al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: abdrakhim_91@mail.ru

Image of Kazakh Officials in Materials of Oral Literature

In the article, the author examines the problem of the Kazakh bureaucracy in the materials of oral folk art of the second half of the XIX – early XX centuries. And the works of akyns-poets of that period are analyzed. In the first part of the article, the author examined the works of akyns-improvisers and zhyrau, and in the second part – poems written by poets of the Kazakh people. In their works, attention was paid to the problems of Kazakh officials, their activities and the electoral system, corruption and arbitrariness on the part of the volosts and biys. In addition, in the final part, the author, on the basis of the materials studied, gives his own statements regarding the images of Kazakh officials.

Key words: Kazakh officials, rank, state, oral folk, parish, biy

Абдрахим М.Е.

докторант 2 курса, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: abdrakhim_91@mail.ru

Образ казахских чиновников в материалах устного народного творчества

В статье автор рассматривает проблему казахского чиновничества в материалах устного народного творчества второй половины ХІХ – начала ХХ вв. и анализирует произведения акынов-поэтов того периода. В первой части статьи автором рассмотрены произведения акынов-импровизаторов и жырау, а во второй части – стихотворения письменных поэтов казахского народа. В их трудах было обращено внимание на проблемы казахских чиновников, их деятельности и выборной системы, коррупции и произвола со стороны волостных и биев. Кроме того, в заключительной части автор на основе изученных материалов дает свои утверждения относительно образов казахских чиновников.

Ключевые слова: казахское чиновничество, чин, государственная, устное народное творчество, волостной, бий.

Кіріспе

XIX ғасыр қазақ халқының тарихындағы ең бір күрделі кезеңдердің бірі. Бұл тарихи уақыт Қазақстан аумағында орын алған талай түбегейлі өзгерістерге толы оқиғалар мен құбылыстарды қамтиды. Осы оқиғаларды жан-жақты зерттеу мен оларға тарихи баға беруде қазақ халқының әдебиетінің де алар орны ерекше. Себебі сол заманғы ақын-жыраулардың, жазушылардың еңбектерінде көптеген тарихи оқиғалар кейбір жағдайларда шынайылықпен үндесіп жатады. Сондықтан да әдебиеттегі еңбектерде белгілі бір тарихи үрдіс жайлы ойлар мен көзқарастарды қарастыру, оларға талдау жасау өте өзекті мәселе.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақ халық әдебиетінде ерекше көрініс табатын құбылыстардың бірі – Ресей империясы құрамындағы Қазақстандағы қазақ шенеуніктерінің қалыптасу процесі болып табылады. XIX ғасырдың 20-жылдары хандық биліктің жойылуы, олардың орнына аға сұлтандарды сайлау тәртібінің енгізілуі, ал 1867-1868 жылдарғы әкімшіліктік реформа нәтижесінде уезд және болыс басшыларын сайлау тәртібінің енгізілуі осы кезең ақындарының жырларында ерекше көрініс тапқан. Сондықтан осы мақалада XIX-XX ғасыр басындағы қазақ халқының тарихындағы «Зар заман» ақындарының, айтыс және жазба ақындардың, сонымен қатар жазушылардың еңбектеріне талдау жасау арқылы қазақтан шыққан шенеуніктердің әдебиеттегі образдарын ашу қарастырылады.

Ақын-жыраулар, айтыс ақындары шығармашылығындағы қазақ шенеуніктері

Аталған кезеңдегі ақындардың барлығы дерлік қазақ даласындағы жаңа тәртіпті қатаң сынға алады. Патша өкіметінің енгізген жаңа тәртібінің қазаққа әсерін әшкерелеп, қазақтан шыққан жаңа шенеуніктердің озбырлықтарын айыптайды. Сонымен қатар, қазақ әдебиетінде алғаш рет билер мен төрелердің пара алуы мен әділетсіздіктер туралы сөз қозғайды. Осындай ойларды алғашқылардың бірі болып ақын Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы (1816-1888) шығармашылығында кездеседі. Оңтүстіктен шыққан ақын Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы:

Есті кісі есермен ойнамайды,
Бойы қысқа тереңге бойламайды.
Ақша берген кісіні болыс сайлап,
Елубасы ел қамын ойламайды, –

деп қазақ даласындағы әділетсіздіктерге ашынады. Ақын өлеңінде «жөн білмейтін» адамдардың бұқара халықты басқаруын тұлпарларды есек, сұңқарларды қарға, арыстандарды тышқан басқарғанға теңейді (Сүйіншәлиев, 1992: 76). Бұл жерде ең қызығы – ақынның өзі осы би-болыстық сайлауларына қатысқаны болады. Себебі «Түркістан уәлаяты газетінің» 1880 жылғы №2 санында ақынның ұлы Ғымхан Мәделіқожаұлының Сырдария облысындағы Байырқұм болысына кандидат, ал ақынның өзінің сол болыста би болып тағайындалғаны туралы Сырдария облысының Әскери губернаторының бұйрығы келтіріледі (Сманов, 2016). Сондықтан да М. Жүсіпқожаұлы өз ойларын өзінің тәжірибесінен қалыптастырған деген болжам жасауға болады.

Ал ақын Шортанбай Қанайұлы (1818-1881) да өзінің өлеңдерінде би-болыстыққа ұмтылған қазақтарды аямай сынайды. Қаратаудан шыққан ақын өзінің атақты «Зар заманында» қазақтың өзінде билік қалмағанын, қазақтың атқа мінерлерінің орыстың қызметіне ғана билік ететініне күйінеді. Би-болыс, ауылнай-старшындарды ақын сол заманғы қазақ қоғамындағы барлық жамандықтың бастауы ретінде сипаттайды. Ал билікке ұмтылғандарға:

Старшын, болыс болам деп,
Ысырап қылып, малды төкпендер! –

деп ақылын айтады (Дәуітов, 1993: 89).

Сонымен қатар қазақтан шыққан шенеуніктерді қатаң сынағандардың бірі бұрынғы Уфа губерниясына қарасты Тоқсанбай ауылынан шыққан қазақ ақыны Ақмолла Мұхамедиярұлы (1831-1895) болды. Ақын өлеңдерінде билер мен болыстардың пара жегіштігін әшкерелеп, қатаң сынның астына алады.

Қарасаң биден кейін ауылнайға,
Қарнын толтырады ет пен майға.
Халықтан жиып алып пайдаланып,
Барады сәлем бере болыснайға.
Еліріп таласады быбырнайға,
Шығынды бірден салып жарлы, байға.
Ел санасқан таластан олжа тауып,
Ласқа жел береді болыснайға.
Байлар жүр өнер көріп болыснайды,
Қыдырып олжа көріп ет пен шайды.
Билікті кәмәләт деп, қарнын сипап,
Үшінші дәреже деп ауылнайды, –

деген жолдарында ақын қазақтан шыққан шенеуніктердің арасында паракорлық пен

озбырлық әрекеттердің жүйелі түрде көрініс тбатынынын айтады. Бұл жерде А. Мұхамедиярұлы «болыснай», «быбырнай» деп «волостной» мен «выборный» сөздерін меңзеп, осындай жүйенің байлар үшін қолайлы болғанын айтады (Мағауин, 1989: 351). Бұндай сыни ойлары қоғамдағы байлар мен болыс-билерге ұнамайтыны рас, сондықтан да Ақмолла ақынға жергілікті қазақ шенеуніктері қазақтар арасында бой тасалап жүрген «қашқын солдат» деген жала жауып, ақын сегіз жыл Троицк түрмесінде отырып, ауыр жағдайларда жұмыс жасауына тура келген (Есжанов, 2011).

Қазақтың оңтүстік өңірінен шыққан тағы бір ақын Майлықожа Сұлтанқожаұлы (1835-1898) өзінің өлеңдерінде би мен болыстың пара алуынан бөлек, олардың ұрылармен достығы туралы ашық айтады. Ақынның ойынша «есегін ел болып ат сайлаған» халықтың болыс-билерінің «қыдыры ұры боп жүр». Сонымен қатар ақын:

Байбақтардың басына бақ қылып жүр,
Арам жеңіп, адалды жақ қылып жүр.
Ақша беріп, билерді антқа салсаң,
Мөрің басып қара істі ақ қылып жүр, –

деп қоғамдағы орын алып жатқан әділетсіздіктерді сипаттайды (Мағауин, 1989: 35).

XIX ғасырдағы қазақ қоғамында болыс-билердің озбырлығын өз басынан өткергендердің бірі Керекулік ақын Жаяу Мұса Байжанұлы (1838-1929) болды. Ақын жергілікті атқамінер Шорман мен оның тұқымдарының парақорлығын сынаймын деп, қудалауға түседі. Нәтижесінде ақын «патшаға қарсы» адам болып танылып, 12 жыл Тобылда айдауда болады. Осы айдаудан қайтып келген соң да Жаяу Мұса Шорман тұқымдарының озбырлығын әшкерелеуін тоқтатпайды. Өзінің атақты «Ақ сиса» өлеңінде неліктен «Жаяу Мұса» атанғанын айтып, өзін «бедняк шорнай» деп атайды. Бұл жерде ақын орыстың «бедняк черный» деген мағынасын меңзеп, Шорманның жақындарының парақорлықтарын айтудан бас тартпайтынын айтады (Мағауин, 1989: 71-72). Осындай болыс-билерге наразылығын ашық білдіргендердің бірі Шәді Жәңгірұлы (1855-1933). Ақын өзінің «Шардарбек болысқа» атты өлеңінде жергілікті қазақ шенеунігінің әрекеттерін қатаң сынға алады. Ш. Жәңгірұлы Шардарбек болыстан қазақтармен қоса, көршілес ноғай мен сарттарды да қанауын тоқтатуын талап етеді (Мағауин, 1989: 221).

Түркістандық ақын Мұсабек Байзақов (1849-1932) қазақ даласындағы бассыздықтың

түпкі негізін сайлау жүйесінің енгізілуімен байланыстырды.

Сайлау деген елге бір бүлік болды,
Параланып әкімдер пұлға толды, –

деп ақын осы сайлаудың нәтижесінде «атадан – бала, ағадан – іні» кеткен заман болды деп сипаттайды (Мағауин, 1989: 197).

Осындай парақорлыққа батқан қазақ атқамінерлерін сынаған ақындардың тағы бірі – Құлтума Сармұратұлы (1480-1915). Арқадан шыққан Құлтума ақын «Билер жөнінде» өлеңінде сол замандағы билердің бұрынғы өткен билерден басты өзгешелігі пара алатынында екенін айтады.

Билері бұрынғының пара алмайды,
Пара берген кісіге көз салмайды.
Бір ғаріп «сөзім бар» деп арыз етсе,
Ендігі би парасыз көз салмайды, –

деп, халық билерінің образының өзгергендігін жырлайды (Мағауин, 1989: 83).

Семейлік ақын Әріп Тәңірбергенов (1856-1924) болса өзінің өлеңдерінде XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақтар арасындағы мансапқұмарлық туралы сөз қозғайды. Ақынның ойынша:

Байлар жүр мансап іздеп құр далақтап,
Көрінбей малы көзге жүр жалақтап.
Би мен болыс көрінсе, қошемет қып,
Қойын сойып, ет тартар қос табақтап, –

деп, қазақтардың қандай да бір белгілі бір мансапқа деген ұмтылысын қатаң сынға алады (Мағауин, 1989: 225).

Осындай мансапқұмарлық мәселесі тағы бір Семейлік ақын Көкбай Жанатайұлының (1863-1927) шығармашылығында да кеңінен кездеседі. Себебі ақын жырлары арқылы қазақтар арасында би-болыстыққа сайланып, ал қызмет барысында түрлі шен-шекпендер алуға ұмтылатынын сипаттап, «знак, шен» үшін пара алып жүргенін ашып айтады:

Ендігі шолақ етік, шолтиған би,
Знак, шенге сатып монтиған би.
Ұрлыққа түнде аттанып, күндіз сөйлеп,
Пара жеп, қарны шығып томпиған би
(Мағауин, 1989: 306).

Ал Арқадан шыққан ақын Әсет Найманбаев (1867-1923) осы ойларды одан ары дамытады.

Себебі ақынның айтуынша:

Мал шашып қазақ құмар шен алмаққа,
Тақытта үш жыл жатып дем алмаққа.
Аз малын арам жолға ысырап қылып,
Пәледен ұрлық қылып жем алмаққа.
Әкесі олай, баласы бұлай тартып,
Сатады қарындасын он жармаққа.
Сайлауға ат таппаса, өгіз мініп,
Бай түгіл, кедей құмар бір бармаққа
(Мағауин, 1989: 340).

Яғни, қазақтардың барын салып шен алуын сынаған ақын қоғамның осы бір кеселін ашып айтты.

Жазба ақындарының шығармашылығындағы қазақ шенеуніктері мәселесі

Қазақ халқының жазба ақындарының ішінде қазақтан шыққан Ресей империясына қызмет ететін болыс-билерді және басқа да мемлекеттік қызметте жүрген түрлі шендегі атамінерлерді қатты сынға алған ақын Абай Құнанбаевты (1845-1904) айтуға болады. Абай өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде сол замандағы қоғамның мәселелерін айшықтап, сипаттап берген. Сол мәселелердің ішінде қазақтардың түрлі шенге ұмтылғаны, атқамінерлер тарапынан көрінетін мансапқұмарлық, парақорлық, озбырлықтар туралы ашып жазады. Мысалы, болыс-билер тақырыбы ақынның шығармашылығында көп кездеседі. Соның бірі автордың үшінші қара сөзінде ашып айтылады: «Үш жылға болыс сайланады. Әуелгі жылы «Сені біз сайламадық па?» деп елдің бұлданғандығымен күні өтеді. Екінші жылы кандидатпенен андысып күні өтеді. Үшінші жылы сайлауға жақындап қалып, тағы болыс болып қалуға болар ма екен деп күні өтеді. Енді несі қалды? Осы қазақ халқының осындай бұзықшылыққа тартып, жылдан жылға төмендеп бара жатқанын көрген соң, менің ойыма келеді: Халықтың болыстыққа сайлаймын деген кісісі пәлен қадірлі орысша образование алған кісі болсын. Егер де орталарында ондай кісісі жоқ болса, яки бар болса да сайламаса, уезный начальник пенен военный губернатордың назначениесімен болады десе, бұл халыққа бек пайдалы болар еді. Оның себебі: әуелі – қызметқұмар қазақ балаларына образование беруге ол да – пайдалы іс, екінші – назначениемен болған болыстар халыққа міндетті болмас еді, ұлықтарға міндетті болар еді» (Абай, 2005: 381). Осылайша ақын болыстардың сайлануы мен олардың қызметтерінің сипатын жеткізеді.

Бұл жерде айта кететіні, Абай өзі де болыс болғандықтан, бұл мәселені екінші қырынан да көре алған соң, осылай сипаттайды. Себебі ақынның «Болыс болдым, мінеки» атты өлеңі қоғамдағы сайлау, парақорлық жүйелерін толығымен ашып көрсетеді (Құнанбаев, 2002: 100). Ақынның тағы бір өлеңінде осы ойы жалғас тауып, сынға алады:

Орыс айтты өзіне ерік берем деп,
Кімді сүйіп сайласаң, бек көрем деп.
Бұзылмаса, оған ел түзелген жоқ,
Ұлық жүр бұл ісінді кек көрем деп
(Абай, 2002: 48).

Осылайша ақынның шығармашылығынан сайлау жүйесіне деген қарсылықты көруге болады. Ол қоғамды араздастыратын, аздыратын жүйе болып саналды. Сонымен қатар Абай қазақтар арасында мансапқұмарлық туралы ой қозғаған. Ол қазақтар арасында мемлекеттік қызметке ұмтылатын жастардың көбейгендігі, олардың ата-аналарының балаларын «закон білуге» ұмтылдыруы мәселелерін де әшкерелеген. Бұл жөнінде Абай Құнанбаев өзінің 1886 жылы жазған өлеңінде:

Интернатта оқып жүр
Талай қазақ баласы –
Жаңа өспірім, көкөрім,
Бейне қолдың саласы.
Балам закон білді деп,
Қуанар ата-анасы,
Ойында жоқ олардың
Шарифатқа шаласы.
Орыс тілі, жазуы –
Білсем деген таласы.
Прошение жазуға
Тырысар, келсе шамасы, –

деген болатын (Абай, 2002: 58). Осы өлеңде тағы да қазақ жастарының тек тілмаш немесе адвокат сияқты қызметтерге тырысуын атап өтеді:

Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой,
Я тілмаш, я адвокат
Болсам деген бәрінде ой,
Көңілінде жоқ санасы (Абай, 2002: 58).

Осылайша ақын, қазақ жастарының Салтыков пен Толстойдың идеялары сияқты ұлы ойларды оқуға, ғылым-білімге ұмтылып, ізденудің орнына шен алуға тырысатынына қатты күйінеді.

Қазақ әдебиетіндегі қазақ шенеуніктігі мәселесін сынаған жазба ақындардың бірі Ыбырай Алтынсарин (1841-1889) болды. Ақын өзі болыс

сайлауына қатысқан, алайда қарсыластарының түрлі қулық-сұмдықтарының арқасында, жала жабылып, өтпей қалған. Сондықтан да Ыбырай ақын сол замандағы сайлау жүйесі мен болыс-билерді өз шығармашылығына арқау еткен. Автордың өлеңдерінде қазақтарда болыстыққа тек паракорлық пен жағымпаздану арқылы ғана жетуге болады деген ойларды айтады (Мағауин, 1989: 16).

Өзі болыс-билердің сайлауына түсіп, осы жүйені қатаң сынға алған ақындардың бірі Нарманбет Орманбетұлы (1859-1918). Абайдың шәкірті болып, оның идеялары мен демократизмінен әсер алған Нарманбет ақын да болыс болса да, осы сайлау жүйесіне өзінің қарсылығын ашық білдірген. Ол жөнінде ақын былай сипаттаған:

Аждаһаның аузында,
Айырылып қалдық қоныстан.
Бекіліп мизам шықпай тұр,
Әлі бізге Орыстан.
Әділеттік азайды –
Би, старшын болыстан.
Ел ішінде азғында,
Төр тимеген құзғындар,
Партия жасап жұлысқан (Туғанбаев, 1989: 39).

Осылайша ақынның қазақ атқамінерлерінің қоғамдағы озбырлығын ашып айтады.

Қазақ даласындағы шенеуніктік мәселесіне қатысты ойлар атақты ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің (1958-1931) де шығармашылығында кездеседі. Ақын болыс-билерді, олардың паракорлығы мен мансапқұмарлығы, партияларға бөлісіп жауласуы туралы ойларын ашық айтады. Мысалы, болыс-билердің билікке ұмтылуы туралы:

Неге болыс болады малын шашып,
Қашан болып шыққанша жанталасып?
Текке тиын біреуге кім береді,
Зорлықпенен алмаса, үкімі асып, –

деген болатын (Жеті ғасыр, 2004: 208).

Сонымен қатар ақын бүкіл патша өкіметі мен оған қызмет ететін қазақ атқамінерлерін келесідей сипаттаған:

Мұратқа бір жетеді тас салғанда,
Би, болыс, ауылнай боп басқарғанда.
Шығыны партияның суға аққандай,

Таласып, саннан кеміп тас қалғанда.
Жалаңдап аждаһадай ауылнайлар,
Беліне ақ киізден күйек байлар.
Сипырын бес тиынның бес теңге деп,
Кедейлер хат білмеген соры кайнар.
Мойнына сары жезден қарғы салып,
Алдына неше түрлі дау-шар барып,
Жиылып кара құстай билер отыр
Жемтігін өлексенің қоршап алып.
Осылай арам тамақ жеген бәрі,
Сақтанбас обал ғой деп жеткен әлі.
Жалықпас айта берсем, толып жатыр
Былайша заманада жұрттың халі (Көпеев, 2015).

Осылайша, ақын XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ даласында орын алған би-болыстық жүйенің жаман жақтарын ашып жазады.

Жалпы алғанда, аталған авторлардың барлығы қазақ қоғамындағы болыс, билерге, олардың биліктері мен қалыптасқан жүйеге қарсылықтарын білдірген. Сайлау мен түрлі жиындарды қатаң сынға алып, қазақ атқамінерлерінің озбырлықтарын жырлаған. Олардың биліктерінің салдарынан қазақ қоғамындағы алауыздықтарды ашып айтқан.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ шенеуніктік мәселелері халық ауыз әдебиетінде кеңінен сипатталған. Олардың барлығы субъективті көзқарас болғанымен, тарихи тұрғыдан қарауға тұрарлық көзқарастар екені анық.

Атап айтқанда, қазақтар арасынан шыққан би-болыстар жүйесі қатаң сыналған. Олардың тағайындалуынан бастап, билік жүргізген уақыты, қайта сайлануы және олардың жасаған озбырлықтары көптеген өлең-жырдың арқауы болған. Болыстар мен билердің қызметтері тек негативті жағынан көрсетілген.

Жоғарыда қарастырылған ақындардың шығу аймақтарына қарасақ, олардың жырларындағы сыналған қазақ шенеуніктік мәселесі қазақ даласында толықтай дерлік болғанын байқауға болады. Ақындардың өлеңдерінде олар тек жағымсыз жағынан көрсетіледі. Осы арқылы ақындардың тек қазақ атқамінерлерге ғана емес, тұтастай алғанда, патшалық өкімет пен оның құрған жүйесіне деген наразылықтарын көруге болады.

Әдебиеттер

- Абай (Ибраһим Құнанбаев). (2005). Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер. Алматы
Абай (Ибраһим) Құнанбаев. (2002). Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1. Алматы.
Дәуітов С. (1993). Зар заман: Жыр толғаулар. Алматы: Жалын
Есжанов С. (2011). Білгенге – маржан Ақмолла ақын (1831-1895) // <http://kazgazeta.kz/?p=5829> (01.11.2018)
Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық. (2004). Алматы
Көпеев М.Ж. (2015). Көшпелі болған жұрттың шаруасы бар // <http://bilim-all.kz> (01.11.2018)
Құнанбаев А. (2012). Шығармалар жинағы. Алматы.
Мағауин М., Байділдаев М. (1989). Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жазушыларының шығармалары. Екі томдық/ҚазССР Ғылым акад. М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. Т.2. Алматы: Жазушы.
Мағауин М., Байділдаев М. (1989). Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. Т.1. Алматы: Жазушы
Сманов Б. (2016). Мәделі ақын және оның заманы // <http://akikat.kazgazeta.kz/?p=7210> (01.11.2018)
Сүйіншәлиев Х. (1992). XIX ғасыр әдебиеті. Алматы: Ана тілі
Туғанбаев А.Н. (1989). Нарманбет Орманбетұлы. Шығармалары. Алматы

References

- Abay (Ibrahim Kunanbayev). (2005). Olander, poemalar, audarmalar men kara sozder [Poems, translations and advices]. Almaty
Abay (Ibrahim) Kunanbayev. (2002). Shygarmalarynyn eki tomdyk zhinagy [Two books collection of compositions]. T.1. Almaty.
Dauitov S. (1993). Zar zaman: Zhyr tolgaular [Poems and compositions]. Almaty: Zhalyn
Yeszhanov S. (2011). Bilgenge – marzhan. Akmolla akyn (1831-1895) [Akmolla akyn] // <http://kazgazeta.kz/?p=5829> (01.11.2018)
Zheti gasyr zhyrlaidy: eki tomdyk [Seven centuries' compositions]. (2004). Almaty
Kopeyev M.Zh. (2015). Koshpeli bolgan zhurtyn sharuasy bar [There is a business of nomadic place] // <http://bilim-all.kz> (01.11.2018)
Kunanbayev A. (2012). Shygarmalar zhinagy [Collection of compositions]. Almaty.
Magauin M, Baidildayev M. (1989). Bes gasyr zhyrlaidy: XV gasyrdan XX gasyrdyn bas kezine deingi Kazakh ahyn-zhazushylarynyn shygarmalary. Eki tomdyk / KazSSR Gylym akad. M.O. Aueзов atyndagy fdebiet zhane oner instituty [Five centuries' compositions]. T.2. Almaty: Zhazushy.
Magauin M, Baidildayev M. (1989). Bes gasyr zhyrlaidy: 2 tomdyk [Five centuries' compositions]. T.1. Almaty: Zhazushy
Smanov B. (2016). Madeli akyn zhane onyn zamany [Madeli akyn and his time] // <http://akikat.kazgazeta.kz/?p=7210> (01.11.2018)
Suinshaliyev Kh. (1992). XIX gasyr adebiyeti [The literature of XIX century]. Almaty: Ana tili
Tuganbayev A.N. (1989). Narmanbet Ormanbetuly. Shygarmalary [Narmanbet Ormanbetuly. Compositions]. Almaty